



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ

айлық журналы
ежемесячный журнал
№8 (8) 15.10.2014



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!!!

Қоңыр күздің соңғы күндері де таяп қалды. Сарыарканың төскейінде орналасқан елордамыздағы қыстың сақылдаған сары шұнақ аязын көз алдымызға елестетсек, көңілімізді мұң шалатыны сөзсіз... Дегенмен де, өнер жолында өмірін өткізіп келе жатқан жас өнерпаздардың жеткен жетістіктері мен асар асулары, өнерге деген құрметтері мен таза пейілдері, ізденістері мен айтар ойлары жаныңды жадыратып, алға қарай серпін береді.

Біз әр санымызда болашақ талант иелерінің көппен бөліскісі келген ойларын, саналарына тыныштық бермей жүрген мәселелерін, жар салып айтар жаңалықтарын өздеріңізбен бөлісіп отырамыз. Негұрлым жарық көргенін қалаймыз. Бұл басылымға да мәнді, мағыналы жұмыстарды жарияладық. Өз деңгейінде бағасын ала жатар деген үміттеміз...

Құрметпен, журналдың бас редакторы,
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

Ағалар алқасы:

Мұсаходжаева А.Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор
Дүйсекеев К.Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Мейрамов Т.У. - Қазақстанның халық артисі, профессор
Мұқанова Р.Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Негербек Б.Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Сығай Ә.Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор
Юсупова А.К. - өнертану кандидаты

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы
Редактор: Камила Габдрашитова
Тілшілер: Қуат Ежембек
Мирас Әбіл
Нұрислам Абдил
Александра Поршнева
Евгений Лумпов
Амина Габдрашитова
Дизайнер: Ахат Азтай
Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77751393919

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Н. Жұмабай	4	ФЕСТИВАЛЬДЕР ШЕРУІ НЕМЕСЕ САХНА СЫНЫ ҚАҰ ДЕҢГЕҮДЕ ӨТТІ?
Г. Абдолла	6	ДӘСТҮРЛІ ӘНШІЛЕРГЕ ДАУЫС ҚОЮ ӘДІСТЕМЕСІ
Н. Ақшалова	8	ӨНЕРДЕ ӨШПЕС ІЗІН ҚАЛДЫРҒАН АЗАМАТ...
Қ. Ежембек	10	ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ ТӨҢІРЕГІНДЕ...
А. Айтжан	12	ЕСКІРМЕҮДІ... «ЕС – АҰМАҚ»
Н. Бүркімбаев	13	ӨЛЕҢ ӨРНЕГІ
А. Қадырбеков	14	ҚИЯЛ КӨКЖҮЕГІ
Б. Үрістембеков	16	НОСТАЛЬГИЯ
М. Әбіл	17	БІЗ ДЕ МӘРЕГЕ ТАЯН ҚАЛЫППЫЗ – АУ!
А. Оспанова	20	КИНО ДЛЯ МЕНЯ – ЭТО УМЕТЬ ЗАМЕЧАТЬ ЖИЗНЬ...
А. Муканов	22	ART GALLERY
Е. Гиль, А. Жалбынова	24	ПРИЗВАНИЕ – НАУКА О МУЗЫКЕ
КиноМУЗА	26	ВО ЧТО ВЫРАСТУТ МАЛЕНЬКИЕ ЛЮДИ?
А. Габдрашимова	28	OBLIQUE STRATEGIES

ФЕСТИВАЛЬДЕР ШЕРУ?

немесе

сахна сын қай деңгейде өтті?

«Театр фестивалі болады» дегенді естiсе, бөркін аспанға ата қуанып, ерте бастан шабаданын қамдай бастайтындардың бiрi менiмiн. Әрине, егер қалай да уақытты өткiзу қажет болса, басқа да айналысатын шаруалар жеткiлiктi ғой. Бiрақ менi елiмiздiң түкпiр-түкпiрiнде өткiзiлiп жатар театрлар фестивалiне үлкен бiр үмiт шақырады. Жаңалығының жаршысы болуға асығамын. Кемшiлiгiн де дер шағында көргiм келедi. Қысқасы, фестиваль деген – өнердiң қай түрi болмасын, бары мен жоғын түгендейтiн, сыры мен сынына сарапшы болар таразы. Салыстыру арқылы барды бағамдап, жоқты түгендеуге жақсы мүмкiндiк туады. Салыстырусыз ақиқат жоқ.

Иә, биылғы күз театр үшiн де жемiстi маусым болды. Екi бiрдей театр фестивалiнiң куәсi болу бақыты бұйырды. Оның алғашқысы, әрине, Қызылорда қаласында өткен КСРО халық артисi, сахнаның анасы Сәбира Майқанованың 100 жылдық мерейтойына арналған Қазақстан драма театрларының XXII республикалық фестивалi болса, екiншiсi – Ақтау қаласында ұйымдастырылған Орта Азия мемлекеттерiнiң V халықаралық фестивалi.

Алғашқы аталған өнер думаны өзiнiң қазақтың тұңғыш кәсiби театры ту тiккен қасиеттi Ақмешiт атырабында өтуiмен тағылымды болды. Өнердiң ұлы шымылдығын түрген бабалар жүрiп өткен жолға ойлана барлау жасауға, тағылымға тәу етумен бiрге, республиканың әр аймағынан келген жергiлiктi театрлардың жүрек қағысын жақыннан тыңдауға, артықшылығы мен кемшiлiгiн бағамдауға мол мүмкiндiк туды. Сырттай атына қанық болғанмен де, көп жағдайда облыстық театрлар, әсiресе, Солтүстiк өңiр театрлары өз қазанында өзi қайнап, томаға-тұйық тiршiлiк кешiп жатқаны шындық. Мiне, өнердiң ұлы жәрмеңкесi – осындай фестивальдерде аймақтық театрлармен жақынырақ танысып-бiлiсуге, пiкiрлесуге, артистер үнiне құлақ түруге кең жол ашады. Хош! Сонымен Қызылорда фестивалi көңiл түкпiрiне қандай әсер ұялатты? Талғам мен деңгейi қандай? Саралап көрсек.

Елiмiздiң түкпiр-түкпiрiнен жиналған тоғыз бiрдей театрдың өнерiн тамашалап отырып, таңдай қағысып қол соққан, «әттеген-ай» десiп көңiл түсiрiскен тұстар да кездестi. Жанды жадыратқаны – Астана, Петропавл, Кокшетау сынды қалалардан келген театр труппаларының тұшымды ойын өнерi мен жастар жанарындағы жалын болса, Талдықорған, Шымкент қаласы театрлары актерлерiнiң ойлы образдары, салмақты сараптамалары, кейiпкержандылық қасиеттерi де бейжай қалдырмады. Көңiлдi мың сан әсерге бөледi. Кейiпкермен бiрге қуанып, бiрге мұңаятын сәттер жиi болды. Демек, фестиваль жансыз өтпедi, сезiмдi селт еткiзе алды. Басты жетiстiк – осы. Әйтсе де, фестивальге қатысқан спектакльдердiң жанр жұтандығы жабырқатқанын жасырмаймыз.



Байқауға жолдама берілген 9 қойылымның тек біреуі ғана комедия, қалғаны – драма мен трагедия. Бірсарындылық көп, дәстүршілдік басым. Бар салмақ көмейге түскен, қимыл мен әрекет аз. Қойылымдардың басым бөлігі жанашылдыққа жарлылау болды. Драматургиялық талаптарға сай емес пьесалар да ара-тұра сахнадан көрініп қалды. III. Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театры әкелген Жабал Ерғалиевтың «Жетім тағдыр» драмасы мен Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театры ұжымының үмітін арқалап келген Олжас Жанайдаровтың «Жұт» спектаклі осы қатарда. Сахналық көркем туынды емес, қарапайым газеттік материалдың ғана жүгін қотеретін дүниелердің фестиваль бағдарламасына енуі - аталған театр ұжымдары үшін үлкен сын, біздіңше. Болашақта ұйымдастырылар сахна сынына дайындықта өзге театрлар үшін бұл олқылық сабақ болуы керек. Нәтиже шығарылса, қанеки?! Ал көп қойылым ішінен көңіл түкпіріне берік орныққан, жаңалыққа бай, тосын да тың

шешімдерімен жарқырай көрінген жұмыстар қатарына Астана қаласы Жастар театрының «Асауға тұсау» комедиясы мен С. Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық қазақ музыкалық драма театры әкелген «Эдип патша» трагедиясын, Талдықорған облыстық Б.Римова атындағы театрдың «Естайдың Қорланы» махаббат-намасын, сонымен қатар Қ. Қуанышбаев атындағы академиялық музыкалық драма театрының «Ана - Жер Ана» туындысын енгізуге болады.

Осылайша бір апта бойы Қызылорда атырабын думанға бөлеген дүбірлі өнер додасы оз мәресіне жетті. Актрисаның аңыз ғұмыры жайлы тағылымды естеліктер мен таңғажайып әсерлер санада сақталды.

Сахананың анасы Сәбира Майқанова салған сара жол жаңа бір биікке қотеріліп, соны сөкпаққа шықты. Өнер өлкесі дүр сілкінді. Сахнагерлер шығармашылық тың серпіліс алып тарқасты.

Ендігі әңгіме ауанын Ақтау фестиваліне бұрсак. Қазақстанда Орта Азия елдері театр жұртшылығының жиналуы дәстүрге айналған. Биыл фестиваль бірінші рет Алматы мен Астанадан шығып, шетелдік әріптестерді қарт Каспидің бауырындағы сұлу қала – Ақтауға қонақ қылды. Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық қазақ драма театры сахнасында отандық театрлардан бөлек, Башқұртстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан мен Астрахань театрлары өнер көрсетті. Орта Азия мемлекеттерінің V Халықаралық фестивалінің ауқымы да, кеңістігі де, әрине, Қызылордамен салыстырғанда кең болды. Ал деңгейі ше? Өкінішке қарай, деңгей турасында олай дей алмадық. Тек Қазақстан емес, драматургия мәселесі Орта Азия мемлекеттерінің бәріне тән түйткіл екен. Фестивальдің көркемдік кеңесінің талғамы солай ма, әлде Орта Азия халықтары театрының деңгейі сол ма екен, фестиваль талаптарын былай қойғанда, қарапайым драматургия заңдылықтарына бағынбайтын, концерттік бағдарлама, деректі фильм деңгейіндегі, ошақ қасынын айналасынан ұзай қоймайтын тұрмыстық әңгімені арқау еткен қойылымдар да, сахналық образдылық талабына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын баяндауға құрылған дүниелер де байқауда бақ сынады. Әсіресе, Қырғызстанның Ш.Термечекөв атындағы Шу облыстық театры үкілеп әкелген қазақ жазушысы Сәбит Досановтың Желтоқсан оқиғасынан ой көзғайтын «Жанұран»

драмасы – драматургиялық шиеленіс шарттылықтарын айтпағанда, жоғарыда әңгімеге арқау еткен газеттік тақырыптан ұзамайтын концерттік деңгейдегі қойылым болыпты. «Қазақтың тарихи кезеңінен сөз қозғасақ, төл драматургиясын сахналасақ, қазыларға жағамыз» деген болу керек, өздеріне аса сенімді келген қарғыз ағайындар сыншылардың «көріне» ұшырап тарпаң асты. Башқұртстан театры ұсынған башқұрт халқының мақтанышы Рудольф Нуриев өмірінен сыр қозғайтын «Руди never off» қойылымы да хронологиялық әңгіме аясынан алысқа бармады, деректі фильм деңгейінде қалып қойды. Алайда бұл кемшіліктер қазылар алқасының тұлғаға деген құрметінің тасасына жасырынып, жылы жабылып қала берді. Тәжік пен Өзбек театрлары қойылымдары ұлттық бояуды қанық бедерлеген ерекшелігімен баурағанымен де, тағы да драматургия тұрғысынан ақсайтындықтарын байқатып алды. Орта Азия халықтарының осы сарындас кемшіліктерін көре отырып, бүгінгі қазақ театрларының аяқ алысына тәубе дейсіз. Еліміздің атынан қатысқан Қ. Қуанышбаев атындағы академиялық қазақ музыкалық драма театрының «Жалын жұтқан Жанна Д'Арк» (режиссері Өлімбек Оразбек), Астана қаласы Жастар театрының «Ревизор» (режиссері Нұрқанат Жақыпбай) және Н. Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық театрының режиссер Гүлсина Мерғалива сахналаған «Зілзала» қойылымдары талғам тұғырынан көріне алды. Аз-кем кемшіліктерін ескермегенде, бірауыздан қазылар алқасының құрметіне ие болды. Нәтижесінде Гран При мен «Ең үздік ер адам» (Дәурен Серғазин) және «Ең үздік әйел адам» (Айнұр Бермұхамбетова) аталымындағы жүлдені Астана қаласының қос театры теңдей бөліссе, Н. Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық театры облыс әкімінің 1 миллион теңге көлеміндегі арнайы сыйлығын қанжығасына байлады. Қалған театрлар арнайы аталымдар бойынша тағайындалған сыйлықты қанағат тұтты. Осылайша бес күнге созылған өнер думаны өз мәресіне жетті.

Назерке ЖҰМАБАЙ,
кинотеледраматургия мамандығының
II курс магистранты

Дәстүрлі әншілерге дауыс қою әдістемесі

Қазақтың ұлттық мәдениет үрдісіндегі ғасырлар бойы дамып келе жатқан дәстүрлі ән мектебін оқытудың бір саласы – дауыс қою әдістемесі. Арнаулы музыкалық білім беретін өнер ордаларындағы дәстүрлі ән мамандығына қосалқы сабақ ретінде оқытылатын дауыс қою мамандығы білім беру стандарты бойынша міндетті пән болып табылады. Оқыту әдістемесінің негізгі мақсаты – оқушылардың дауысын кәсіби әншілік салтымен тәрбиелеу; дауыс қоюдың техникалық және ғылыми жолдарын үйрету; үйренушінің дауыс табиғатына сай жаттығуларға машықтануын қалыптастыру; вокалдық мәдениетті сатылай оқыту арқылы дауыс мүмкіндігін жетілдіру; вокалдық оқудың методикалық техникасын жан-жақты игерту.

Әнші дауысының қуаттылығы мен дыбыстық сапасын арттыру үшін вокал мәдениетінің саң-салалы ғылыми әдістемелерін пайдалана білу бүгінгі күн талабы. Сондай-ақ дәстүрлі әншілерге дауыс қою барысында ең бастысы халық әнінің ерекше иірімдерін сақтау және қазақы дауыс табиғатын өз қалпында сақтап қалу да оқытудың басты бағдары болып қалмақ. Халықтық ән салу үлгісінің бұзылмай сақталуы вокал тәрбиешілерінің, яғни дауыс қойып баптаушы ұстаздар қауымының еңбегіне тікелей тәуелді.



Вокал – музыкалық дыбыстың көркемдік дәрежесін және техникалық мүмкіндігін арттыра алатын ғылым, әрбір дыбыстың өзара байланысу қисыны мен ырғақтық еркіндігі вокал арқылы тәрбиеленеді, вокал әншілік шеберлікке қол жеткізудің бірегей дара жолы болып табылады. Вокалдық өнерде көкіректен шыққан әуеннің биіктік тазалығы, жалпы диапазондық кеңдігі, ноталардың орындалу шеберлігі, ырғақты есту сезімталдығы қадағаланады. Сонымен қатар, ауыз бұлшық еттерінің мимикалық қозғалыстары, жоғарғы, орта, төменгі резонаторлардың қалыпты жұмыс істеу әдістері оқытылады. Вокал тәрбиесі әрбір әншінің күнделікті жаттығу дағдысына айналуы қажет.

Дауыс қою барысы аса күрделі әрі өте нәзік құбылыс. Бейне емшінің науқасқа диагноз қойғаны сияқты. Егер үйренушіге бастапқы кезде дұрыс әрі кемелді дауыс бағдары берілмесе оқушының болашағына, әншілік өміріне кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан да оқушыларға дауыс қою техникасының дұрыс әрі сапалы қойылуы сахналық өнердегі әншілердің жоғары деңгейге жетуінің кепілі болып саналады.

Дәстүрлі әншілердің дауыс ерекшелігі

«Дауыс қою» пәні дәстүрлі әншілерге табиғи дауыс қойылымы арқылы сауатты кәсіби дәрежеде ән айтуға, дауыс күшін ұлғайтуға және ән айту шеберліктерін жаттығу нәтижесінде тәрбиелеп, еркін меңгеруге бейімдеу. Сондай-ақ, дәстүрлі әншілердің дауысы көмей үнінің күш түсіру нүктесі біршама алдыға таман болып келеді. Ауыз қуысының серпін күші үлкен, ауыз қуысының жаңғырғы басым болып бас қуысының жаңғырығын қалыптастыруды талап етеді. Табиғи дауыс (нақты дауыс) негіз болып дауыстың қуат күші кең, тебіні зор, бас қуыс, ауыз қуыс, көкірек қуыс жаңғырықтары тұнық, ұлттық бояуы қанық, ирімдері нәзік әрі алуан түрлі болып келеді. Дауыс пен тыныс еркіндігі бір механикаға бағынатын ұғым. Дұрыс тыныс алуды үйрену және резонаторларды еркін пайдалану дауыстың бояуын байытады, әрі әншілерде жиі кездесетін кесел – дауыстың отыруынан сақтандырады.

Қортып айтқанда, әншілерге дауыс қоюдың техникасы сан алуан түрлі ғылыми әдістемелермен ұштасып жатады. Алайда, қазіргі кезде халықтың дәстүрлі әндерінің таралып біздің дәуірімізге жеткенінің өзі халық әншілерінің өлшеусіз еңбегінің арқасында. Бұған дәлел – қазақтың ән дүлдүлдері атанған, ән фольклорын насихаттауға аянбай атсалысқан қазақ әндерінің інжу маржандарын жұртшылыққа танытқан – Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Естай, Әсет, Шашубай, Кеңен, Манарбек Жүсіпбек, Фарифолла, Құтбай, Дөнеш, Жәнібек сияқты дара туған дарындарымыздың ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып кеткен асыл қазынасын аса мақтанышпен айта аламыз. Сондай-ақ, осы салада еңбек еткен аға буын өкілдері Күләш Байсейітова, Ш. Бейсекова, Жамал Омарова, Ришат Абдуллин, Бекен Жылысбаев, Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Байғали Досымжанов, Мұрат Мұсабаев, Қайрат Байбосынов Нұрғали Нүсіпжанов, Қанат Омарбаев, Кеңеғали Мыржықбаев есімдерін ілтипатпен атай аламыз, олар еуропалық вокал мен ұлттық әншілік мәдениетін жарасымды жалғастыра білген және қазақы әншілікті әлемге мойындатқан халқымыздың аяулы ұлдары мен қыздары. Сондықтан, әншінің дауысын қою пәні замандық сұранысқа ие болып отыр. Ендігі жерде ұлттық нақыштың шашауын шығармай тәрбиелей алатын вокалдық методика ілімі керек, әрі оның жасампаздығының мәдени стратегиясы бар екенін баса айту.

Гүлнар АБДОЛЛА,

«Дәстүрлі ән» кафедрасының аға оқытушысы

Талантты тану

Өнерде өшпес ізін қалдырған азамат...

*«Өзді деуге бола ма, айтыңдаршы?!
Өлмей тұрып артына сөз қалдырған»
(Абай)*



Жақын күндері өнер ордамыздың Орталық Жамбыл залында профессор, белгілі театр сыншысы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері – Әшірбек Сығайдың сценарийі бойынша «Қазақфильм» киностудиясында режиссер Орал Жүнісов түсірген «Сәкен сері» атты деректі фильмнің көрсетілімі өтті. Фильм жазушы-драматург Сәкен сері шығармаларының шығу тарихын, елжүлі оқиғасын, қоршаған ортадағы бейнесін, табиғи дарынды болмысын ашып көрсетті. Қазақ жұртына, қалың оқырманға өзінің атақты «Жапандағы жалғыз үй» романын абайтанушы, әдебиетші Төкен Ибрагимов: «Ұлттық сананың, ұлттық сұраныстың кезінде пайда болған шығарма, ол кітаптың аты ғана емес, ол Сәкеннің аты еді» – деп тебірең сөйледі. Қарындасы Роза Нұрмаққызы: «Бұл роман тың игеру салдарынан қазақ даласын аяусыз сілгілеп, боршалауы туралы» дегендей мәселелерді көтерген ұлттың жанашыры ретінде жазғанын тілге тиек етті.

Жазушы романдағы әр кейіпкерін өзі көзімен көрген, таныс болған. Басты кейіпкер Марғонды өмірдегідей кемеңгер адам екенін бейнелеп берді. «Жапандағы жалғыз үй» – тың игеру науқаны кезіндегі қазақтың көз алдымыздағы кетін бара жатқан болмысы, үлкен сағынышты сыр деп қабылдадым» – деді жазушы, Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш Кекілбаев. «Орыс отаршылдығының келуі жөнінде бірден-бір ашық жазылған шығарма бұл – «Жапандағы жалғыз үй» деп әдебиетші, ғалым Дәулет Оспанов айта кетті. «Таудың асқар белін, жаңбырдың хош иісін, найзағайдың күркіреуін әсем суреттегені оқырманға көркем әлемнің бөлшегін сезіндіреді. Табиғаттың жанды суретін, динамикалық тұрғыда жазды» – деп, филология ғылымдарының докторы, профессор Сәбит Жамбек те өз ойын білдірді.

Сондай-ақ, фильмде С. Жүнісовтың тағы бір шығармасы «Ақан сері» роман-диалогиясы жайлы да көптеген ғалым ағаларымыз естеліктерін, алған әсерін айтты. Замандастары мен достары, белгілі қаламгерлер мен ғалымдардың естеліктері, ой-толғаныстары арқылы фильмнің авторлары жазушы шығармашылығына тоқталады. Белгілі жазушы-драматург, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері Әкім Тарази: «Ақан серіні жазу үшін Ақан бола білу керек. Автор жанына, тәніне іштей кіріп кеткендей болу керек!» – деп жоғары бағалады. Басына қанша соққы тисе де, қайда ат жарыс, думан десе делебесі қозып жүретін Ақан серінінің бейнесін Сәкен Жүнісовтің романының он бойында әр қилы қырынан суреттей білгеніне тоқталады.

Өзіндік сөз саптауымен, өзіндік ой сарынымен, көркемдік айшығымен «Ақан сері» романындағы Ақанның бейнесін ешкімге ұқсатпай, кескіндей білген талант иесі кез келген оқырманды өзіне баурап алады. Әр сөзінде үлкен мән, астарлы ой жатыр. Әрбір жазылған сөзінің тереңдігі тайға таңба басқандай көрініп-ақ тұр. Бұндай шығарманың күрделі еңбектің нәтижесінде келетіні туралы жазушы Төлеген Қажыбаев: «...осы Ақан серіге қатысты тарихты тырнақтап жинағанын біз жақсы білеміз. Ақан серіні жазу үшін Ақтотының Жайлау деген ұлымен кездескенін айтып, ойына ой қосып жазды» деген пікірін білдірді.

«Сәкен сері» деректі фильмінің авторлары С. Жүнісовтің драматург ретіндегі шығармашылық жолына мұқият назар аударады. Театр актері Мұратбек Оспанов, белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығай, театр өнерінің тағы да басқа көптеген майталмандары Сәкен Жүнісовтің театр сахнасында қалдырған еңбектеріне тоқталып өтті.

Фильмді көруге жиналған Қазақ Ұлттық өнер университетінің студенттер қауымы жазушы-драматургті жақын тану мүмкіндігіне ие болды. Оның прозадағы, драматургиядағы еңбектерінің ұлттық әдебиетіміздің бай қазынасы екенінің тағы да куәсі болды. Мұратбек Оспанов С. Жүнісовтің ерекшелігі ретінде драмалық шығармаларындағы рөлдерді актерлерге лайықтап жазатынын, драматургиясында ерекше бір динамика болатынын айтты. Актердің бұл пікірі фильмнің басты кейіпкерінің сахна заңдылықтарын жақсы білгенін аңғартады.

Театр қайраткерлері С. Жүнісовтің «Абылай хан», «Қысылғаннан қыз болдық», т.б. пьесаларының көптеген театрларда қойылғаны, әрбір қойылым сайын көрермен залының үнемі лық төлатыны туралы атап өтті. Бұған қоса жазушы-драматургтің «Өткен күндер белгісі», «Заманай мен Аманай», «Өшпейтін іздер» атты прозалық шығармалары, театр репертуарын байытқан «Ажар мен ажал», «Өліара», «Тұтқындар», т.б. туындылары жайлы ой қозғады. Сондай-ақ, Сәкен Жүнісовтің қалың жұрттың алдында сөздерінің өткірлігімен, тілдің шеберлігімен, қаталдығымен қоса әзілімен өзін тыңдата білген, қазақ өнері мен әдебиетінің шын жанашыры екенін фильмде байқап отырдық.

Өзіне ұсынылған марапат пен атақтан бас тарту кез-келген адамның қолынан келе бермейтін іс екені еш даусыз. Бірақ, Сәкен ағамыз «академик» атағынан бас тартып, өзінен үлкенді сыйлап, адамгершілікті сақтап, О. Сүлейменов пен Ә. Кекілбаевты ұсынғаны өзін лайықсызбын дегенінен емес, әділдікті сақтағанында болуы керек. Сәкен Жүнісовтың өмірі мен шығармашылығы туралы сыр шерткен белгілі өнер қайраткерлері дарынды қаламгер, албырт мінезді Сәкен Жүнісовтің драматургтердің арасынан тұңғыш рет Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанғаны туралы айтып өтті.

«Ақиқатты айту – азаматтық парызым!» деп білген Сәкен сері қуғынға ұшырап, талай қиыншылықты бастан кешсе де, қазақтық рухын еш уақытта түсірген емес. Сәкен Жүнісов – кешегі Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев сияқты тұлғалардың ұрпағы десек еш қателеспейміз. Олар репрессияға ұшырап, елден қуылып, халық жауы атанып жатса да, Алаш жұртының амандығын тілеген. Қалдырған өсиеттері мен мұралары қашан да биік шыңдағы алтын қазынамыз. Олардың еңбектері, дана сөздері ешқашан өшпейді. Абайдың жазған шумақтары осыған дәлел.

Ақан сері, Біржан сал, Сәкен сері... «Сәкен сері» аталуы фильм кейіпкерінің өзіне жарасып-ақ түр. Қаламгерлікпен қатар серілікті алып жүрген әнші, жезтаңдай опералық, дәстүрлі, эстрадалық өншілерімізден қалыс емес. Қазақ әдебиетінің тағы кесек тұлғаларының бірі, белгілі ақын, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері – Тұманбай Молдағалиев С. Жүнісов туралы былай деп еске алады: «ҚАЗМУ-дің сахнасында қазақша күреске қатысқан Сәкеннің жігіттерді бірінен сөн бірін жыққанын көрдім. Абай атындағы опера және балет театрінде бұлбұлдай ән салғанын естідім. Бұның бәрі мені ерекше таң қалдырды». Әрине, фильмнің ең бір әсерлі тұсы Рәза Нұрмаққызының, Орал Нұрмақұлы мен Абылай Нұрмақұлының туған бауыры Сәкенмен бірге құлын тайдай тебісіп, бірге оскен туған үйіне келуі, осы жерде сонау алыста қалған балалық шақтарын еске алып, оған тағы бір қайта оралуы. Бір кездері осы үйдің маңына өздері еккен жас талдар ендігі жерде тамыры тереңге жайылған алып ағашқа айналған. Бұл алып ағаш Сәкен серінің, қазақ өнері мен әдебиетінде терең іздер қалдырған Сәкен Жүнісовтің бейнесі іспеттес.

Фильмде ақын-жазушылар, қазақ өнері мен әдебиетінің қайраткерлері, сыныптастары, оқушылары, тіпті көршісі болсын Сәкен аға жайлы ой-толғауларын ортаға салды. Осылайша фильм сценарийінің авторы мен режиссері жазушы-драматург Сәкен Жүнісовтің экрандық бейнесін қалыптастырып, көрерменіне ұсынды.

Назгүл АҚШАЛОВА,
кинотану мамандығының 1 курс студенті
Н. Мұқышева шеберханасы

Қуыршақ театры төңірегінде...

Қазіргі бүлдіршің, ертеңгі ел тізгінің ұстар тұлға. Небір ғалымың да, жарқын ойлы жазушың да, адуынды ақын мен бесаспап инжәгерің де барлығы дерлік тәй-тәй басып жетілген, ананың ақ сүтімен қуаттанған дәрменсіз сәби. «Отан от басынан басталады» - деген даналық сөздің шын мәнінде мөлдір тұңғиығына қаншалықты үніліп жатырмыз? Бүгіндегі бал тілді балалар нәңдей ауамен тыныстауда? Шет елдің теріс тәрбие беретін мультфильмдері көгілдір экран бетін бүтіндей жаулап, атар таңымызды бұлыңғыр етуге барын салып жатқаны, әрине жанымызды жегідей жейтіні айқын. Олар біздің бөбектерімізді отан сүйгіштікке баулып жатпағандары хақ. Осы ретте, өскелең ұрпақты нағыз рухани кеңістікке жетелейтін кәдуілгі кәсіби қуыршақ театры екені даусыз. Сондықтан осы жағын үнемі есімізден шығармағанымыз абзал.

Өкінішке қарай, ұлттық қуыршақ театрымыз даму, зерттелу жағынан кенже қалып, жетімсіреген ахуал күйін кешіп жүр. Ол өнердің ілгержуіне ауыз толтырып айтарлықтай жағдай жасалып жатыр десек, жансақ пікір танытқан болар едік. Тамырын теренге жайған бұл өнер түріне бей – жай қарауымыздың нәтижесі, ертеңгі күні кеудемізге өкініш ұялатып жүрмегей. Бұны шынайы түсіне алатын өнер жанашырлары талай мәрте мәселе қып көтеріп-ақ келеді. Нақты жауапқа зоруміз. Барлығы да ойдағыдай сән құрып тұрған болса, танымал театр сыншысы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор Әшірбек Сығай: «Ұлттық өнеріміздің кенжелеп дамыған түрі және де дұрыс көңіл бөлінбей келе жатқан заласы – қуыршақ театры» - деп жан-айғайын білдірмес еді. Әйтсе де, әзірге ел қозғала қойған жоқ.

Иә, жазиралы жерімізде ерте заманнан бастау алып, бастапқы ағысын жоғалтпаған аталмыш өнер саласына не себепті нәмқұрайлы қарап жүрміз? Т. Хасанғалиева, А. Бегалинова сынды зерделі зерттеушілердің деректеріне қарағанда Алаш атырабындағы қуыршақ театрлары элементтерінің пайда болу кезеңі сонау Қорқыт баба ғұмыр сүрген дәуірмен тығыз байланысты сыңайлы. Дөп баса тарқатып айтар болсақ, аңыз баба төл аспабының басына ортеке ойыншығын іліп, күмбірлете күй шерткенде ол сан алуан қызғылықты қозғалысқа түскен. Осылайша, Қорқыт ата ортекеге жан бітіріп, оны түрлі қимыл әрекетке түсіру арқылы, театрға тән белгілерді қалыптастыруға ықпал еткен.

Алайда арада толқымалы, толқынды, талай бір сандаған ғасырлар өткеннен кейін ғана кең байтақ жерімізде там-түмдап кәсіби қуыршақ театрлары пайда бола бастады. Қазақстандағы қуыршақ театрының ашылуы кешегі Кеңестік кезеңмен түспа-түс келді. Мәселен, Алматы қаласындағы аталған алғашқы өнер ордасы 1935 жылы кішкентай көрермендерге өз шымылдығын түрген.

Содан барып Ақтауда (1981 ж.), Шымкентте (1983 ж.), Ақтөбе мен Жезқазғанда (1985 ж.) қуыршақ театрлары бой көтере бастады. Ал баһадүр бабаларымыз аңсап кеткен тұғырлы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң, Қостанай мен Петропавлда (1992 ж.), бас қаламызда 2007 жылдың 4 шілдесі күні Қуыршақ театрының шағын тобы ашылып, 2010 жылдың 29 желтоқсан айында қала әкімінің қаулысымен Астана қуыршақ театры болып қайта құрылған.

Ендігі сөз орайын, Елордалық қуыршақ театрына бағыттамақпыз. Аз уақыт ішінде тілге тиек етілген Астана Мемлекеттік қуыршақ театры қарымды қарқынмен халық игілігіне жарарлық өздеріне жүктелген міндеттерін абыроймен атқарып, сүттей өппақ, кіршіксіз ниетті көрермендеріне ұдайы шаттық сыйлап келеді деп, ағымыздан жарылсақ оның ешқандай өбестігі жоқ. Аталған қуыршақ театры репертуарында «Қыз Жібек» поэмасының желісі бойынша жазылған «Махаббат туралы аңыз», «Сықырлы сөздер», «Менің салған суретім», С. Жүнісовтің «Аманай мен Заманай» повесінің желісі бойынша сахнаға лайықталған



«Атамекен», «Қаңбақ шал», «Байқа жолда балақай», «Ана құдіреті» т.б. туындылардың орын алуы кеудемізге бақыт болып қонары анық. Алдағы уақытта «Ертөстік» эпостық жырының негізінде жазылған «Ертөстік» пьесасы қалың жұртшылыққа ұсынылмақшы. Өйткені, ұлттық нақышта тәлім беретін қойылымдар қай кезде де артық етпейді. Керісінше, ой өрісімізді кеңітін, патриоттық сезімімізді күшейтпек. Сондай-ақ, ұлы халқымыздың «Алпамыс», «Қобыланды», «Шойын құлақ» сынды аңыз-ертегілері мен көне жыр-эпостары сахна төрінен жұлдыздай жарқырап көрінін жатса, нұр үстіне нұр деп білеміз. Тек шымыр шыдам мен табандылық қажет. Өнердің бірден дамып кетпесі ақиқат.

Иә, Астана Мемлекеттік қуыршақ театрының ұжымы көптеген халықаралық және республикалық фестивальдерде топ жарып, қоржындары майланыпта үлгерді.

Атап айтсақ, 2012 жылдың 11-18 сәуір аралығында Тәжікстан Республикасының Душанбе қаласында өткен «Чодари хаел» III Халықаралық қуыршақ театрлар фестивалінде А. Салаеваның режиссерлігімен сахна төріне шыққан «Менің салған суретім» туындысымен 1 жүлдені иеленсе, 2013 жылдың 25-29 қараша айында Астанада өткен «Ортеке» III Халықаралық театр сайысына қатысып «Арыстан патша» (Режиссері А. Салаева) қойылымымен «Үздік спектакль» және «Ең үздік актерлік жұмыс», ал 2014 жылдың 1-6 қазан күні Ресейдің Астрахан қаласында болған «Каспий жағалауы» атты ТМД елдер арасындағы қуыршақ театрларының фестивальдерінде «Менің салған суретім» қойылымын жоғары көркемдік дәрежеде көрсетіп, «Достық» номинацияларын жеңіп алды. Сонымен қатар, 2014 жылдың 15-21 қазан айында 25 елдің театрларының басын біріктірген Түркияда өткен XVII Стамбулдық театр фестиваліне қатысып, біздің артистеріміз шынайы шеберліктерін жақсы қырынан таныта алды.

Бұл ретте, Елордамыздағы театрдың ілгері жүруіне зор ықпал жасап, қалыптасуына бірден-бір мұрындық болған, Қазақ ұлттық өнер университетінде қуыршақ театры мамандарын даярлауда, маңдай терін барынша төгіп жүрген профессор қуыршақ театрының кәсіби режиссері Қазақстанның еңбек сіңірген артисі – Құралай Ешмұратованың еңбегі ұшан-теңіз екенін арнайы атап өткен жөн.

Дарқан дарынның саналы шәкірттері рухани-мәдени жетістіктерден құр алақан емес. Мысалы, биылғы 2014 жылы Мәскеу қаласында болған «Өткен жылға тағзым етейік» атты интернет байқауға «Бейбітшілік сенің үйіңе» балетін, «Сен және мен тату-тәтті жанұя» атты түйеқұс биімен «Қуыршақ театр актеры» бөлімінің 2, 3 курс студенттері сайысқа түсіп, 800-ге жуық қатысушылардың ішінен топ жарып I дәрежелі лауреат дипломын алумен қатар, I дәрежелі дипломантта атанды. Бұның барлығы қуыршақ театрының өрлеуіне сүбелі үлес қосып жүрген, жас мамандарды тәрбиелеуде алдына жан салмас профессор аталмыш курстың жетекшісі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қ. Ешмұратова, курс кураторлары аға оқытушы, мәдениет қайраткері Д. Бейсенбаев, оқытушы А. Ешмұратова, курс оқытушылары доцент Т. Хасанғалиева мен аға оқытушы А. Салаева жұмыстарының нәтижелі жемісі. Қорыға айтқанда, ұстаз қауымының арқасы... Жетістігі... Қуанышы...

Бұл орайдағы талантты жандар шәкірттерінің көтерер жүгі келешекте тым ауыр болмақ. Себебі, әліде болса жұрт тарапынан толықтай қолдау таба алмай келе жатқан қуыршақ театрына ел назарын бұрғызу оңай шаруа емес. Оны бәріміз де сезінеміз әрі білеміз. Қалай десек те, ендігі сенім артарымыз тек солар ғана.

Ақиқатында, перзенттерімізді кертартпа қадамдардан алшақтатып, ізеттілікке жетелуші, дұрыс бағыт-бағдар беруші мәдени мекеме күмәнсіз қуыршақ театры. Оны жалғандықсыз ұғынар күн де алыс емес. Қала толы қаптаған зәулім де бос тұрған ғимараттарының біреуін балбөбектеріміздің болашағы үшін қуыршақ театрына қисаң етті... Ару қала – Астана!!!



Қуат ЕЖЕМБЕК,
театртану мамандығының 4 курс студенті
Ә. Сығай шеберханасы

Ескірмейді... «Ес-аймақ»

Құрметті оқытушылар, студенттер! Оқу ордамызда жарық көретін «Шабыт» журналы бүгінде өз оқырманын өнердің тынысымен, болашақ өнерпаздардың студенттік жылдарындағы алғашқы қаламдарынан туған еңбектерімен етене жақын таныстырып, қаламдарының ұшталуына өзіндік үлесін тигізіп отырғаны жасырын емес. Ортамызда болып жатқан атаулы іс-шаралардың маңыздылығын түсіне отырып, редакция мүшелері бізге қолқа салды. Яғни, «Ес-аймақ» атты студенттердің мәдени танымдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткізілетін отырыстың маңыздылығы, кеш қонағы журнал бетіне тұрақты түрде жариялануы тиіс. Осы ұсынысты қабылдай отырып, ендігі тұста «Ес-аймақтың» әр отырысының өзектілігін, жаңалығын журналдың әр санынан оқуға мүмкіндіктеріңіз туғанын күүанышпен жариялаймыз.

Қазан айының 22-ші жұлдызында Қазақ Ұлттық өнер университетінің қабырғасында «Ес-аймақ» студенттердің мәдени танымдық пікірталас бірлестігі өзінің кезекті жиынын өткізді.

Өнер, әдебиет, мәдениет тұлғаларымен кездесу ұйымдастырып, өзекті ойларын ортаға салып, сырлы сұхбат, салиқалы әңгіме өрбітетін аталмыш бірлестік бұл жолғы «Ес-аймақты» ҚР еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-драматург Роза Мұқанованың шығармашылық мерейтойына арнады. Ес-аймақты қайта жаңғыртып, жастардың жалындауына, шығармашылық өрісінің кеңейуіне зор ықпал еткен театр сыншысы, профессор - Әшірбек Сығай.

Ес-аймақ - Семей қаласында 1920 жылы мәдени-ағартушылық мақсатта құрылған драмалық труппа. Ресми түрде «Қырғыз (қазақ) мәдени ағарту үйірмесі» деп аталған «Ес-аймақты» қаладағы түрлі мекемелердің қызметкерлері, мұғалімдер мен студенттер ұйымдастырды. Труппа сахна өнеріне бейім дарынды жастардың, әнші-күйшілердің, басқа да өнерпаздардың басын қосып, Қазақстандағы театр өнерінің, драматургия жанрының жандануына елеулі ықпал етті. Көркемдік жетекшісі Сейіт Тоқымбаев болды. Ол өмірден озған соң, жетекшілік және режиссерлік жұмыстарды Уәли Тұрлыбеков жүргізген. Труппа құрамында 30-ға жуық адам болды. Қазақ өнерінің көрнекті өкілдері Ә. Қашаубаев, И. Байзақов, Ж. Шанин, Қ. Байжанов, Ж. Елбеков, М. Ержанов өнердегі алғашқы қадамдарын осы жерден бастаған. М. Әуезов пен Ж. Аймауытов труппа жұмысына белсене араласып, режиссер тұжырымдамалар мен сахналық шешімдерді қадағалап отырған. Труппаның репертуарынан М. Әуезовтің, Ж. Аймауытовтың, Ж. Шаниннің, Қ. Кемеңгерұлының, С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің сол уақытта жарық көрген пьесалары орын алған. Сонымен бірге баспа бетінде жарық көрмеген көптеген пьеса да осы жерде сахналанды. Спектакльдер мен ойын-сауықтар жұмысшылар ортасында, қаладағы түрлі мәдениет үйі мен орыс театрының сахнасында өтті. «Ес-аймақ» түрлі сипаттағы ойын-сауық кештерін ұйымдастыру арқылы жергілікті халықтың сауатын ашып, білім дәрежесін көтеруге елеулі ықпал етті.

Ендеше, бұл бірлестік сол «Ес-аймақтың» заңды жалғасы деп біліңіздер. 2013 жылдан бері «Ес-аймақты» ай сайын өз деңгейінде өткізіп, қазақ өнерінің ұмыт қалмауына, өз үлестерін қосып, белсенділік танытып келе жатқан 4 курс «театртану» бөлімінің студенттерінің еңбегін ескерген жөн. Бірлестіктің төрағасы, әрі тұрақты жүргізушісі - Мирас Әбіл Шығармашы шәкірттерінің келер жылы өнер ошағынан түлеп ұшатынын ескерген ұлағатты ұстаз Әшірбек Сығай болашақ театртанушылардың да «Ес-аймақтың» тізгінін мықтап ұстап, осы үрдістен жаңылмауларын талап етті. Қараша айының 21-ші жұлдызында сағат 14:00-де өдеттегідей, 238-ші аудиторияда қазақ әдебиетіне философиялық проза жанрын ала келген белгілі жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері - Төлен Әбдіковпен кездесу өтеді. Барлық студенттердің ат салысып, белсенділік танытқанын сұраймыз.

Арман АЙТЖАН,
театртану мамандығының 4 курс студенті
Ә. Сығай шеберханасы



НЕ ЖАМАН?

Не жаман,
Не жаман дейсің ғой.
Не жаман.

Ақылсыздың соңынан ерген жаман,
Садақаның түскенін терген жаман.
Аманатты сақтамай қиянат қып,
Есерсоқтап біреуге берген жаман.

Көпір болып өмірден өлген жаман,
Тозақ оты азапты көрден жаман.
Өліп-өшіп өмірде сүйгенінді,
Қойнында басқа жанның көрген жаман.

Болмастыға қайысып сынған жаман,
Ішімде мың дертім бар, жыннан жаман.
Ынтызар жүрек қалап сүйгенінді,
Мыңқау боп, айта алмай тыңған жаман.

Адамдықтан безінген күйің надан,
Төңіріңе не үшін сиынбаған.
Қой терісін жамылған қасқырлар көп,
Жамылған қара перде қиын заман.
Қиындаған бұл өмір қиын маған.

СӨНДІРМЕ

Ойлаймын жатып мен мүлде,
Қапестік маған төндірме.
Жанатын үміт шоқтарың,
Сөндірме қалқам сөндірме.

Жанамың, естен танамын,
Әйтсе де неге наламын.
Сезінсең көзқарасымды,
Құмарға әбден қанамын.

Тұра тұр, шыда асыра,
Сезімім қалмас басыла.
Көңілім қаяу, көзім жас,
Ей, жүрек шіркін тасыма.

Сүйгеніңмен бол бірге,
Өкпелі емес, мен мүлде.
Жүреkte жатқан ұшқынды,
Бірақ та қалқам сөндірме.



Нұрбек БҮРКІТБАЕВ,
драма актері мамандығының 3 курс студенті
Т. Мейрамов шеберханасы

Журналымыздың сегізінші санында оқырман назарына «зергерлік» мамандығынын I курс студенті Азамат ҚАДЫРБЕКОВТІҢ жұмыстарын ұсындық.





Ностальгия
(фантастикалық эссе)

Бір секундтың ішінде аязды көше жарқ етті. Қарасам, мен 5 жыл бұрын толықтай қиратылған үйдің жылы бөлмесінде тұр екенмін. Бөлме де, үй де бүтін. Мен таңқалып, ұзақ сазарып тұрдым. Бөлме дәл 15 жыл бұрынғы кейіпінде, ешқандай уақыт өтпегендей, тура сол қалпындағы бұйымдармен, заттармен өзгеріссіз екен. Бұл не ғажап?! Адам бір секунд ішінде Астанадан Таразға тап болуы мүмкін емес, алайда, мен шынымен де Тараздамын. Терезеден қарасам: өзіміздің Көшеней көшесі, 2-ші бұрылысы ап-айқын көрініп тұр. Оның үстіне жаз мезгілі екен. Сайраған құстар үні, көрші иттердің үргені естілді. Мен лезде бас киім мен күртемді шештім. Терлеп кетіпшім.

Мен не істерімді білмей, күрең қоңыр түсті кілемге отыра кеттім. Үздіксіз жан-жағыма қарай бердім. Үстел, шкаф, кресло, кітаптар – бәрі де шын, бәрі де өз орнындарында. Мен әлі де өз көзіме сенер емеспін, жаңа ғана қысқы Астана көшесін бойлап келе жатыр едім... Енді... айналамда мүлде басқа кеңістік, сол кеңістіктің түр-сипатына және қабырғада ілінген «25.05.1999» деген жазуы бар жап-жаңа күнтізбеге қарағанда, мүлде басқа уақыт. Бұл ғажайыпты мен бір емес, жеті жыл бойы армандаған болатынмын. Міне, арманым орындалыпты – мен қайтадан жер үйімдемін! Жок, есімнен адасқаным жоқ, бәрі де өңім. Өңім екенімді тескеру үшін мен артымда тұрған жүк жиналған сандықты ұстап кордім. Кәдімгі нағыз ескі сандық. Орнымнан тұрып, шкафтың шикылдаған есігін ашып-жаптым – ол да нағыз шкаф екен. Бұл ғажапты ғылым мен логикамен тұрмақ, тіпті ешқандай қиялмен де түсіндіруге мүмкін емес.

Таңертең ғана «екі айдан кейін 2015-ші жыл» деген жағдай еді. Енді «алты айдан кейін 2000-ші жыл, XXI ғасыр, 3-ші мыңжылдық» деген жағдай... Мен орындыққа отырып, оң жақтағы ағаш стенкадағы айнаға қарап, ойлана бастадым: егер мен, 23 жасарлық кейіпімде осында болсам, онда 8 жасар Нұрлыбек қайда?! Мектепте ме?! Онда бір адам бір уақытта бірдей екі жерде қалай болуы мүмкін?! Ал егер қазір бөлмеге біреу кірсе – онда не болар?!.. Осындай ойлар бір сәтке де тауысылар емес... Мен бір сәтке алақсу үшін ескі теледидарды қостым. Бар жоғы 5 телеарна. Жаңалықтар емес – архив: ескі студия, ескі диктор, ескі мағлұмат және дата: 25.05.1999...

Мен дереу үйден қашып, жасыл ағаш қақпаны ашып, көшеге шықтым. 15 жыл бұрынғы сәнге сай киінген екі-ақ жолаушы бойжеткен шүйіркелесе келе жатыр. Мен олардан «Қазір қай жыл?» деп сұрап едім, олар таңырқап: «1999 жыл емес пе!? Білмейсің бе, не?» - деп күлісін, оз жолдарын жалғастыра кетті. Біреуі артынан қарап: «Псих что ли?» - деп кекетіп үлгерді. Мен жақын жақтағы дүкенге кіріп, аса арзан бағалары бар «ескі» тауарларға тола сөрелерді көрдім. Қораптарды реттеп отырған сатушыға: «Қазір қай жыл? Ой, сізде биылғы күнтізбелер бар ма?» деп сұрадым. Сатушы түрлі пішіндегі «1999» деген жазуы бар және қоянның суреті бар күнтізбелерді маған көрсетіп: «Қайсысын аласың?» деп жымиды. Мен ойша оз-өзіме: «Осының барлығы рас болса, онда менің университетімнің іргесі тек 9 жылдан кейін ғана қаланбақ...» деп, үнсіз көшеге қарай бет алдым.

Ол көшені қаз-қатар тізілген биік саялы ағаштар мен ескі үйлер бөйлап тұр. Кең жолды арлы-берлі ескі маркалы коліктер кезуде. Қайтадан ойға шомып кеттім. Енді не істейін? Қайда баруым керек? Ешкімге ешқашан берілмеген бұ мүмкіндікті қалай пайдалануыма болады? Осындай ойлар үздіксіз туа берді, туа берді. Әйтсе де, «Қалай ораламын?» деген сұрақ туған жоқ. Оралғанда, қайда оралмақшымын?! 2014-ші жылға ма?! Бұл – күлкілі. Қазір тек ғана 1999-шы жыл емес пе?! Оның үстіне ол «болашақтың» не керегі бар енді? Қайта бұл дәуір мың есе жақсы емес пе?! Сенің жеке жан тыныштығың мен ми тыныштығыңды ешқандай электронды-ақпараттық орта бұзып жатқан жоқ. Жалпы, бұл өңірде ол жайлы әлі ешкім естіген де жоқ сияқты. Иә, адам боласы

үшін аса қолайлы әрі салауатты кезең дәл осы. Ешкімде iPhone немесе планшет тұрмақ, тіпті ұялы телефон да жоқ деуге болады. Ғаламтор мен әлеуметтік желілер тұрмақ, тіпті компьютер де жоқ деуге болар. Ал спутниктік телевизия жайлы айтудың да керегі жоқ! Тек ғана тұрмыстық мәселелері ғана бар адам сияқты «таза гуманитарлы орта» баршылық. Ал одан басқа адамға қандай бақыт керек?!

Мен көршілес орналасқан зауыттың қасындағы өзеннің қасына қалай келгенімді байқамай да қалыппын. Жасыл шалғынға бай жағаға отыра қалдым. Иә, бұл заманды әлі де экологиясы бар «табиғат қорығы» деуге жарасады. 2014-пен салыстырғанда бұнда әлдеқайда таза ауа, таза су және таза жер бар сияқты...

